

ЖАҢА ЖЫЛ ҚҰТТЫ БОЛСЫН!



№103 (10093)
31 желтоқсан,
сейсенбі
2024 жыл

Жалағаш жаршысы

Аудандық қоғамдық-саяси газет

Газет 1934 жылдың 10 қаңтарынан бастап шығады



Құрметті аудан тұрғындары!

Сіздерді Жаңа жыл мерекесімен шын жүректен құттықтаймын!

Жаңа жыл – әрбір адамның жүрегіне жаңа үміттер мен ізгі армандар ұялататын ерекше мереке. Барша адамзат бұл күні өткенді ой елегінен өткізіп, саралап, жаңа жылға таза ниетпен, болашаққа деген мол сеніммен аттағанды қалайды. Біз осынау мерейлі мереке қарсаңында қол жеткізген табысымызды үлкен мақтаныспен айтамыз.

Тәуелсіз елімізге толайым жетістіктер сыйлаған 2024 жылды Жалағаш ауданы табысты қорытындылап отыр. Аудан еңбеккерлерінің қажырлы еңбегінің арқасында және аймақ басшысының қолдауымен бірлескен жұмыстардың нәтижесінде ауқымды жобалар жүзеге асырылып, барлық салаға серпінді қадам жасалды. Енді санаулы сағаттардан кейін біз жаңа 2025 жылға қадам басқалы тұрмыз.

Құрметті жалағаштықтар!

Біздің ең басты байлығымыз – бірлік. Елдегі бірлік пен берекенің арқасында биік белестерді бағындырдық. Ырысты ынтымағымыз жарасты болса, ұлағатты ұлт ретінде мәңгі жасаймыз. Біз жаңа жылға ізгі үмітпен, ерекше пейілмен, жақсы ниетпен қадам басамыз.

Жаңа жыл – отбасылық мереке. Дана халқымыз «Отан отбасынан басталады» деп бекер айтпаған. Жаңа жыл әрбіріңіздің шаңырақтарыңызға шаттық сыйласын. 2025 жыл құт қонған жасым тіл жерімізге, елімізге молшылығымен, құт-берекесімен, мол ризық-несібесімен келсін!

Тәуелсіз елімізге тыныштық, отбастарыңызға амандық тілеймін!

Жаңа жыл құтты болсын!

Ардақ ИБРАИМОВ,
Жалағаш ауданының әкімі



Құттықтау

Құрметті аудан тұрғындары!

Сіздерді Жаңа жыл мерекесімен шын жүректен құттықтаймын! Енді санаулы сәттерден кейін жаңа 2025 жылға қадам басқалы тұрмыз. Сіздерді тамаша мереке табалдырығымызды аттағалы тұрған Жаңа жылмен шын жүректен құттықтай отырып, отбасыларыңызға амандық, дендеріңізге саулық тілеймін.

Тарих қойнауына енгелі тұрған өткен жыл еліміз үшін аймағымыз үшін, оның ішінде Жалағаш ауданы үшін де жарқын істерге, жетістіктер мен жеңістерге толы жыл болды деп айта аламыз.

Бүгінде еліміз дамуының жаңа кезеңіне қадам басты. Өткен жылдар белесінде еліміздің экономикасы қарыштап дамыды. Халықтың әл-ауқаты еселеп өсті. Қазір Қазақстан – әлемдік аренада лайықты орынға ие және әлемде жүріп жатқан үдерістердің толыққанды қатысушысы.

Біздің жеткен жетістіктеріміз, жасалған жарқын істер – аудан халқының бірлігі мен жасампаздығының жемісі. Біздің ең басты байлығымыз – бірлік. Біз – ежелден ерлікті бағалап, елдікті ардақтаған, байыпты қалпы мен салихалы салтын сақтаған жоралы жұртымыз. Татулық пен тұрақтылық арқылы биік белестерді бағындырдық. Ырысты ынтымағымыз жарасты болса, ұлағатты ұлт ретінде мәңгі жасаймыз.

Біз жаңа жылға ізгі үмітпен, ерекше пейілмен, жақсы ниетпен қадам басамыз. Жаңа жыл – адамзат баласы үшін өткенді зерделеп, алдағы күндерді мейлінше маңызды мереке. Алда ауқымды жоспарларымыз бар. Жұмылған жұдырықтай бірлікпен алдағы асулардан да өтеміз.

Дана халқымыз «Отан отбасынан басталады» деп бекер айтпаған. Жаңа жыл әрбіріңіздің шаңырақтарыңызға шаттық сыйласын. Жаңа жыл еліміздегі барша халықтың сүйікті Отаны, ортақ үйі Қазақ еліне жақсылығы мен игілігі, мол ризық-несібесін ала келсін.

Мерекелеріңіз құтты болсын!

Өмірзақ ЕЛЕУСІНОВ,
Жалағаш аудандық
мәслихатының төрағасы

Белес



Жылан жылы жайлы болсын!

Шығыс дүниетанымында жыл санаудың 12 жылдық циклы бар. Қазақтар да ежелден осы жыл санауды меңгерген, тіпті бір мүшел деп атап жатады. Әр жыл жануар атымен аталып, өзіндік мінез бен қасиетке ие деген сенім бар. Жыл қайыру бойынша іргемізде тұрған 2025 жыл жылан жылына тұспа-тұспа келіп тұр. Бұл жыл күрделілігімен, жұмбағымен және өзгерістерге толы кезеңдерімен танымал. Осыған дейін елімізде жылан жылы қандай өзгерістер болды? Алдағы жыл қандай болмақ? Тарқатайық...

Біз жыл соңында өткенімізге салауат айтып, келер күннен, келер жылдан үміт күтеміз. Міне, тағы бір жылды қорытындылап, тарих қойнауына шығарып салудамыз. Иә, ұлу жылы еліміз үшін оңай болмады. Әйтсе де халқымыз көрген түсті де, кірген жылды да «ескі жыл есірке, жаңа жыл жарылқа» деп жақсылыққа балаған, игі оқиғалар болады деп сенген. Сондықтан қай жылды болса да жақсылыққа жорыған абзал. Ұлт болып ұйысып, ел болып өңсемізді көтерген кезеңде Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев халықты бірлікке ұйыстырып, ел әлеуетін арттыруға аянбай еңбек етуге шақырды. Соның нәтижесінде биыл бірқатар жетістіктерге жеттік.

Биыл Жалағаш ауданының құрылғанына 85 жыл, аудандық басылмы «Жалағаш жаршысына» 90 жыл толды. Қос мерейтойды жалағаштықтар жоғары деңгейде атап өтті. Өңір дикандары күршіні рекордтық өнім жинап, аймақта «Үздік аудан» атанды. Нақтырақ айтсақ, аудан бойынша 37 218 гектарға

ауыл шаруашылығы дақылдары орналастырылып, нәтижесінде 19800 гектар күріш дақыл толық жиналып алынды. Күріштің әр гектарынан 60,5 центнерден, барлығы 1197900 цн өнім жиналған. Сондай-ақ ауданда бірқатар әлеуметтік жобалар жүзеге асып, бүгінде ел игілігіне табысталды. Мәселен, қос ауылға табиғи газ кірсе, бірқатар ауылдың жолдары күрделі жөндеуден өтті. Мұнан бөлек елді мекендерде жаңа дәрігерлік емхана құрылысы жүруде. Нақтырақ айтсақ, Қаракөк ауылында келер жылы жаңа амбулаториялық емхана ғимаратының құрылысы аяқталады. Кенттегі бүгінде құрылысы жүріп жатқан спорт кешені, «Руханият» орталығы секілді нысандар жақын уақытта халыққа есігін ашақ.

Тарихи оқиғаларды қарайтын болсақ, жылан жылында көптеген өзгерістер болғанын аңғарамыз. Небір қиыншылықтар, соғыстар, саяси өзгерістерді қос алғанда, дүние жүзі тарихына оң өзгеріс алып келген оқиғаларын да тізбектеуге болады. Мәселен, XX ға-

сырда келген жылан жылдары түрлі оқиғалар болған.

Шыңғыс хан жылан жылы, яғни 1221 жылы Отырарды алған. Абай Құнанбаев жылан жылы туып, ұлу жылы өмірден өтті. 1917 жылғы Қазан революциясы, 1929 жылы қазақ даласында болған ашаршылықты, 1941 жылы кеңес-герман соғысының басталуын айта аламыз. Бірақ қазақ халқы үшін жылан жылы қашанда жайлы жыл деп айтылады. Мысалы, қазақтың аңыз-әңгімелерінде «Жылан жылы жылыс болды, жылқы жылы ұрыс болды, қой жылы зәңгер тоғыс болды» деген сөз бар.

«Тышқан жылы – тыныштық, Сивір жылы – сыйлық, Барыс жылы – бірлік, Қоян жылы – қамбалы, Ұлу жылы – үлгілі, Жылан жылы – жайлы, Жылқы жылы – жұтсыз, Қой жылы – құтты, Мешін жылы – мерейлі, Тауық жылы – табысты, Ит жылы – игілік,

Доңыз жылы – дүниелі» деп қазақ қалпын баға берген. Әр жылдың қадір-қасиетін ұлықтап, түсіндіріп отырған. Бұл адамдардың жандүниесінде ешбір жылдан қорықпау керектігі туралы сенімді ұялатады.

Жылан жылы деп жалпылама атау бергенімізбен, оның өзі «отты жылан», «су жылы» деп бөлініп жатады. Бірі аласапыран арқылы келетін өзгерістерді, екіншісі жайлылықты білдіреді-мыс. Әрқайсысының өзіне тән мінез-құлқы, соған сай жылдың өтуі бар іспетті. Дегенмен бұл айтып отырғанымыз көбіне қытайлықтардың жылнамасында кездесетін жорамал екен. Ал қазақ жылы қайыруда мұндай дүние жоқ.

Өрқашан барлық нәрсені жақсыға болжау – қазаққа тән қасиет. Халықтың сенімінде жылан ешқандай зиян келтірмейтін, оған тиіспеген абзал екенін алға тартатын әңгімелер жетерлік. Тіпті «Үйге кірген жыланның басына ақ құйып шығарып жібер» деген сөзді бәріміз естіп өстік. Бұдан бөлек халқымыздың нанымна сенсек, жылан жылы белсенді болу керек деп айтылады. Шамасы, алдағы жылы өзгеріс көп болатын іспетті.

«Жақсы сөз – жарым ырыс» демекші, 2025 жыл еліміз үшін тұрақты дамумен ерекшеленіп, қызметіміздің барлық саласында лайықты нәтижелермен есте қалады деп сенеміз.

Ж.АРЫН

Салтанатты шара

Үздіктер – марапат төрінде

Адамзат баласы асыға күтетін Жаңа жыл мерекесінің өзіндік ерекшелігі бар. Қай кезде де келер күннен жақсылық күтетін қазақ халқы келе жатқан жылан жылында да жақсылық пен молшылыққа жоруда. Өткен аптада аудандық Қонысбек Қазантаев атындағы мәдениет үйінде Жаңа жыл мерекесі қарсаңында ауданның қорытынды шарасы өтті. Аудан әкімі Ардақ Ибраимов тұрғындарды Жаңа жыл мерекесімен құттықтап, жалағаштықтар үшін жасалған әрбір игі бастаманың серпін алуы ел бірлігінің арқасы екенін жеткізді.

– Санаулы күндерден кейін жаңа 2025 жылға қадам басқалы тұрмыз. Тарих қойнауына енгелі тұрған жыл еліміз үшін жарқын істерге, жетістіктер мен жеңістерге толы жыл болды. Еліміз тағы бір жылды еңсеріп, күнтізбенің жаңа парағын аяққа ашқалы отыр. 2024 жылы Президент, Үкімет, аймақ басшысының қолдауымен және бірлескен жұмыстың нәтижесінде ауданда ауқымды жобалар жүзеге асып, тіркі салаларда серпінді қадамдар жасалды. Ауданда барлық макроэкономикалық көрсеткіштер бойынша оң динамика қалыптасып, облыста алдыңғы қатардан көрінді, – деді аудан әкімі.

Иә, биыл ауданда бірқатар жарқын жобалар жүзеге асқанына күміз. Мәселен, ауданның 85 жылдық мерейтойы

мен «Жалағаш жаршысы» газетінің 90 жылдығы кең көлемде аталып өтті. Сондай-ақ ауданымыз агроөнеркәсіп кешенін дамытуда ең жоғары көрсеткіштерге қол жеткізгені үшін «Үздік аудан» номинациясын иеленді. Биыл ауданда жаңа жұмыс орындары ашылып, құрылыс қарқынды жүрді. Сонымен қатар көптеген нысын бой көтеріп, әлеуметтік мәні зор ірі жобалар іске асырылды. Жолдар жаңартылып, әлеуметтік-экономикалық маңызы бар мәселелер шешімін тапты. Ауданның биылғы бюджеті 12 млрд 215 млн теңгеге жетіп, 44 жобаны іске асыруға 8,1 млрд теңге бөлінді.

Шарада Ардақ Ибраимов ауданның дамуына үлес қосып жүрген білікті мамандарға ҚР Парламенті Сена-



тының «Құрмет» грамотасы, ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігінің «Құрмет» кешенін дамытуда ең жоғары көрсеткіштерге қол жеткізгені үшін «Үздік аудан» номинациясын алғыс хатын табыстады. Сонымен қатар жыл бойы өз саласының үздігі атанған жастарға «Жыл ұстазы – 2024», «Жыл дәрігері – 2024», «Үздік полиция қызметкері – 2024», «Тазалық сақшысы – 2024» сынды номинациялар табысталды.

Арнайы номинацияға ие болғандар қатарында Қарлығаш Алтынбекқызы да бар. Ол шарада «Жыл спортшысы – 2024» номинациясын иеленді. Аудандық «Наркескен» спорт клубындағы қол добы үйірмесінің белді ойыншысы бұған дейін салада үлкен жетістікке жеткен.

– 2016 жылдан бастап қол добы ойынына қызығушылық оянып, тұрақты түрде үйірмеге қатысуға бел будым. Жаттықтырушы Дархан ағай дайындықта бар білгенім үйретті. Тыңғылықты дайындық арқасында аудан командасымен жарыстарға барып, жақсы ойын өрнегін көрсете бастадым, – дейді Азия чемпионы.

Ол аудан командасында жүріп Ким Вячеслав Чан Себовичтен облыстық «Қайсар» сөздік командасына шақырту алған ол өйелдер арасындағы «Супер лига» ойындарында өнер көрсеткен.

Жалғасы 3-бетте

Үздіктер – марапат төрінде

Айта кетейік, қазіргі таңда «Қайсар» командасы – 14 дүркін Қазақстан чемпионы. Жазғы спартакиада ойындарынан 5 дүркін чемпион. Спортшыларымыз «Қайсар» командасында жүріп Қазақстан Республикасының Спорт шебері атағын алған. Мұнан бөлек 2022 жылдан бастап ҚР Ұлттық құрамасында ойнап, Ұлттық құрамамен бірге Словения, Македония, Корея, Гонконг елдерінде мемлекет мерейін үстем еткен. Ол жастар арасында Азия біріншілігінде II, III орын иеленіп, клубтар арасындағы Азия ойынында II орын иеленген. Сондай-ақ халықаралық дәрежедегі спорт шебері атанған.

Физика пәнінен ауыл мектеп оқушыларына арналған республикалық, облыстық олимпиаданың 2 дүркін жеңімпазы Азамат Тұрсынбек те қорытынды кеште марапат төрінен көрініп, «Жылдың үздік оқушысы – 2024» номинациясын иеленді. Аудан орталығындағы Әл-Фараби атындағы №201 мектеп-лицейінің түлегі – «Алтын белгіге» үміткер.

«Инженер-электроник» мамандығын таңдаған ол 7 сыныптан бастап осы пәнге ден қойып, үздіксіз дайындалған. Ауыл мектептерінің талантты және білімге құштар оқушыларын анықтау мақсатында қатарынан екі рет ұйымдастырылған олимпиада барлық кезеңнен сүрінбей өтіп, I орын алған. Нәтижесінде Сүлеймен Демирел атындағы университеттің тегін білім грантын ұтып алған.



Ол пәндік олимпиадалармен қатар ғылыми жобаларға да тұрақты түрде қатысып, республикалық кезеңге дейін жолдама алған. Сондай-ақ биылғы оқу жылында жаратылыстану-математика бағытындағы пәндер бойынша

Президенттік олимпиаданың облыстық кезеңінен II орын алған. Білімді жас алдағы уақытта мұнан да биік белесті бағындыруды кездеп отыр. Әткенді зерделеп, алдағы күндерді межелейтін маңызды мереке, жақсылықтың жаршысы болған Жаңа жыл көші аудан өнерпаздарының концертінде қорытындыланды.

лықтың жаршысы болған Жаңа жыл көші аудан өнерпаздарының концертінде қорытындыланды.

Ақтоты БҰРКІТБАЙ
Басы 1-бетте

Мәжіліс

Заң мен тәртіп әділеттілікке жол ашады

Мемлекет басшысы «Адал адам – Адал азамат – Адал табыс» атты Ұлттық құрылтайдың үшінші отырысында ұлттың жаңа келбетін айқындайтын негізгі құндылықтар ретінде «Тағы бір маңызды құндылық, бұл – заң және тәртіп. Заң алдында бәрі бірдей. Бұл – баршаға ортақ мызғымас қағида. Мемлекет жүгенсіздікке, тәртіпсіздікке және бейберекеттікке ешқашан жол бермейді. Мұны әрбір азамат жете түсінуі тиіс. Барша азамат барлық жерде, соның ішінде әлеуметтік желіде де заңды мүлтіксіз сақтауы керек. Заңға қайшы келетін, қоғамға ірікті салатын және арандатушылық пиғылдағы кез келген әрекетке қатаң тияым салынады. Ел ішіндегі тәртіпке әрқайсымыз жауаптымыз» деген болатын. Мұны елдегі тыныштықты және азаматтарымыздың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге баса мән беруде өте орынды айтылған талап деуге болады.



Шынында, заңмен тәртіп – мемлекет пен қоғам өміріндегі әділеттіліктің белгісі. Осы аталған Мемлекет басшысының нық сөздерін түсіндіру ба-

ғытында аудандық прокуратураның прокуроры Ә.Оразғали, аудан әкімінің орынбасары Ф.Сүйлейменов, аудандық полиция бөлімі бастығының

орынбасары С.Искаков және аудандық білім бөлімінің басшысы Т.Садықовпен бірлесіп, Жалағаш кентінде орналасқан №201 мектеп оқушыларының ата-аналарымен еркін форматта кездесу өткізді.

Кездесуде көмелеттік жасқа толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың себеп-салдары, оның алдын алу бойынша қабылданған шаралар, балалар арасындағы суицид, түнгі уақытта жалғыз қыдыру, ойын-сауық орындарына бару, қылмыс жасау (жынтықтық қылмыстар, жалған терроризм, ұрлық, әлімжеттік жасау, нашақорлық, күш көрсету, бопсалау, тонау) және басқа да заңсыз әрекеттердің (ішімдік қолдану, қоғамдық орындарда тәртіпті бұзу, вандализм, маргинал жастарға қосылу және т.б.) салдары, әлеуметтік желілердегі құқық бұзушылықтың насихаттайтын ақпараттардың жастардың дамуына әрі есер ететін туралы айтылып, басқа да өзекті мәселелер қамтылды.

– Жасөспірімдер арасында қылмыстың алдын алу бойынша ауданда нақты жұмыстар атқарылууда. Бірақ

бұған ата-аналар да өз үлесін қосуы тиіс деп есептеймін. Біз жұмыла құмыс жасап, жасөспірімдер арасындағы қылмыстың алдын алуға бірге әрекет еткенде ғана нәтижеге қол жеткіземіз. Әлбетте осы ретте «Ата-аналардың міндеті не?» деген сұрақ туындауы мүмкін. Бұл сауалдың түйінін тарқату үшін қыр асудың қажеті шамалы. Ата-аналар бірінші кезекте балаларды еш уақытта бақылаусыз қалдырмауы керек. Түнгі уақытта олардың ойын-сауық орындарына болуына жол беруге болмайды. Ата-аналар отбасында балаларының бойына дұрыс тәрбие сіңірсе, біз қоғамда олардың қылмыс жасауына жол бермесек, жасөспірімдердің бәсекеге қабілетті ұрпақ болып қалыптасуына сеп болар едік, – деді аудандық прокуратураның прокуроры Әділжан Оразғали.

Кездесу соңында сала қызметкерлері жасөспірімдер арасында құқық бұзушылықтың алдын алудағы іс-шараларға ата-аналарды қоғам болып бірлесіп күресуге шақырды.

Е.АНУАРУЛЫ

Зейнетақы мен әлеуметтік төлемдер өседі

«2025-2027 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» ҚР Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Заңына сәйкес 2025 жылы I қаңтардан бастап айлық көрсеткіш 3 932, ең төменгі деңгейі 46228, ең төменгі жалақы 85 мың, ең төменгі зейнетақы 62771, базалық зейнетақы төлемінің ең төменгі мөлшері 32360 теңге болып белгіленді. Жаңа жылдан бастап еңбек сіңірген жылдары үшін және жасына байланысты зейнетақы төлемдерінің мөлшері 8,5 пайызға артады. Сонымен қатар жасына байланысты жаңадан тағайындалатын зейнетақы төлемдерінің мөлшерін есептеу үшін ескерілетін ең жоғары табыс мөлшері 203060 теңгеден 216260 теңгеге (55 АЕК) көбейтіледі.

Қаңтардан бастап мемлекеттік базалық зейнетақы төлемінің мөлшері ЕТҚД-ның жаңа мөлшеріне пайыздық қатынаста белгіленеді. Атап айтқанда, зейнетақы жүйесіне қатысу өтілі 10 жыл және одан аз болғанда немесе болмағанда тиісті қаржы шығына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген ең төменгі күнкөрсет деңгейі шамасының 70 пайызы (65 пайыздың орнына) мөлшерінде, зейнетақы жүйесіне қатысу өтілі 10 жылдан артық әрбір толық жыл үшін оның мөлшері 2 пайызға артады. Бірақ ең төменгі күнкөрсет деңгейі шамасының 110 пайызынан аспайтын мөлшерде беріледі. Бұл жаңадан тағайындалған зейнеткерлерге және 01.01.2025 жылға дейін зейнетке шыққандарға да қатысты.

Мүгедектігіне және асыраушысынан айрылу жағдайына байланысты мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылардың мөлшері ЕТҚД (46228 теңге) мөлшерінің ұлғаюына байланысты артады. Сонымен қатар мүгедектігі бар баланы (мүгедектігі бар балаларды) тәрбиелеп отырған анаға немесе әкеге, бала асырап алушыға, қорғанысқа (қамқоршыға) және бірінші топ мүгедектігі

бар адамға күтімді жүзеге асыратын адамға төленетін ай сайынғы мемлекеттік жәрдемақы мөлшері ЕТҚД (46228 теңге) мөлшерінің ұлғаюына байланысты артады. 2025 жылдан бастап бұл жәрдемақылардың мөлшері 74 428 теңгеден құрайды.

Келер жылдан бастап АЕК-мен есептелетін жәрдемақы төлемдері мөлшері оның артуына (3932) байланысты көбейеді. Атап айтқанда, бала тууға байланысты біржолғы мемлекеттік жәрдемақы және ай сайынғы бала бір жарым жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты мемлекеттік жәрдемақы төлемдерінің мөлшері.

Бірінші, екінші және үшінші бала туылғанда берілетін бір жолғы жәрдемақының мөлшері (38-АЕК) биыл 140296 теңгеден құраса, келер жылдан бастап 149416 теңгеден құрайды. Яғни 9120 теңгеге артып отыр. Ал төрт және одан да көп бала туылғанда (63-АЕК) 232 596 теңгеден 247 716 теңгеге көбейіп, 15 120 теңгеге артады. Бала біржарым жасқа толғанға дейін күтіміне байланысты берілетін жәрдемақы мөлшері туу кезектілігіне байланысты келер жылдан бастап бірінші балаға 22649, екінші

балаға 26777, үшінші балаға 30867, төртінші және одан да көп бала туылғанда 34995 теңгеден құрайды.

Сол сияқты, АЕК (3932 теңге) мөлшерінің ұлғаюына байланысты бірге тұратын төрт және одан көп көмелетік болмаған баласы, оның ішінде он сегіз жасқа толғаннан кейін білім беру ұйымдарын бітіретін уақытта (бірақ жиырма үш жасқа толғанға дейін) жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында жалпы білім беретін немесе кәсіптік бағдарламалар бойынша күндізгі оқу нысаны бойынша білім алатын балалары бар көпбалалы отбасыларға берілетін ай сайынғы мемлекеттік жәрдемақы мөлшері де арттырылады.

Бұл жәрдемақылардың мөлшері балалар санына қарай сараланып ұлғайтылады. Атап айтқанда, 4 баласы бар отбасыларға 63030, 5 балаға 78798, 6 балаға 94565, 7 балаға 110332, 8 балаға 125824, 9 балаға 141552, 10 балаға 157280 теңге және одан әрі жәрдемақы мөлшері бала санына қарай өзгереді.

Жаңа жылдан бастап «Күміс алқамен» марапатталған аналардың ай сайынғы мемлекеттік жәрдемақысының мөлшері 25165 теңгеден, ал «Алтын алқамен» марапатталған немесе бұрын «Батыр ана» атағын алған I және II дәрежелі «Ана даңқы» ордендерімен марапатталған көпбалалы аналарға ай сайынғы мемлекеттік жәрдемақының мөлшері 29097 теңгеден құрайды.

Жасына байланысты зейнетақы, мемлекеттік базалық зейнетақы төлемдерін және мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақыларды алушылар қайтыс болған жағдайда оның отбасына немесе жерлеуді жүзеге асырған адамға жерлеуге арналған біржолғы жәрдемақының мөлшері 137 620 теңгеден құрайды. Сонымен қатар АЕК (3932 теңге) мөлшерінің ұлғаюына байланысты арнаулы мемлекеттік жәрдемақы төлемдерінің мөлшері арттырылады.

Облыс бойынша 269,5 мыңнан астам зейнетақы мен жәрдемақы алушының (оның ішінде зейнетақы алушылардың саны – 82,2 мың адам) төлем мөлшерін қайта есептеу автоматты түрде жүргізіліп, жаңа жылдан бастап барлық төлем алушыларға көбейтілген мөлшердегі төлемдері төленетін болады.

Шолпан САСЫҚБАЕВА, «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы КЕАҚ облыстық филиалының аудандық бөлімі бас маманы

Кеңес



Ротация туралы не білеміз?

Ротация мемлекеттік қызметшінің басқа мемлекеттік органға немесе мемлекеттік орган құрамындағы ведомствоға немесе мемлекеттік органның басқа құрылымдық бөлімшесіне лауазымдық ауысуын білдіреді. Оның негізгі мақсаттары мемлекеттік органдар қызметінің тиімділігін арттыру, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын алу, сондай-ақ қызметшілердің кәсіби әлеуеті мен басқарушылық тәжірибесін дамыту және тиімді пайдалану болып табылады.

Осыған байланысты Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы №152 Жарлығымен ротация институты енгізіліп, ол тек саяси мемлекеттік қызметшілерге, «А» корпусының қызметшілеріне, сондай-ақ «Б» корпусы қызметшілерінің бірінші басшыларына міндетті болып келді.

Мемлекеттік қызметшілерді қолдау мақсатында басқа елді мекенге ротацияланған қызметшілер қызметтік тұрғынжаймен (жекешелендіру құқығынсыз) қамтамасыз етілетін болды. Тұрғынжай болмаған жағдайда тұрғын үй жалдау үшін ротациялық төлемдер төлеу қарастырылды.

Сонымен қатар биыл қазан айынан бастап ротациялануға жататын тұлғалардың аясы кеңейтіліп, «Б» корпусының С-О-2 (департамент басшысының орынбасары), D-О-2 (басқарма басшысының орынбасары) және Е-1 (қала және аудан әкімдерінің орынбасары) санаттарындағы мемлекеттік қызметшілер де ротациялануға жататын болды.

Ротация «Б» корпусының қызметшілері арасында бос мемлекеттік әкімшілік лауазымдарға және лауазымын атқарып жатқан мемлекеттік қызметшілер арасында, сондай-ақ басқа да мемлекеттік органдардың арасында жүргізіледі.

Бірінші кезекте ротациялануға жататын тұлғаларды анықтауда мына мәселе ескерілуі қажет. Мүгедектігі бар адам, жүкті, он төрт жасқа дейінгі баланы тәрбиелеп отырған, мүгедектігі бар балалары, оның ішінде асырап алған балалары бар (қорғаншы болып табылатын) жалғызбасты ата-ана, көпбалалы ата-ана (қорғаншы) немесе асырауында мүгедектігі бар ата-анасы не Қазақстан Республикасының зейнетқасиымен қамсыздандыру туралы заңнамасында белгіленген жасына байланысты зейнеткер ата-анасы бар мемлекеттік қызметшілер басқа өңірге ротацияланудан босатылады. Бірақ бұл көрсетілген мән-жайлар құжат түрінде расталуы тиіс. Егер осы мемлекеттік қызметшілердің өз келісімдері болған жағдайда ғана ротациялануға жол беріледі.

Бұдан басқа зейнеткерлік жасқа жетуіне үш және одан да аз жыл қалған мемлекеттік қызметші ротациядан босатылады. Ол үшін мемлекеттік қызметші өтініш береді, ал уәкілетті адам ротациядан босату туралы акті қабылдайды. Бұл жерде уәкілетті адам – мемлекеттік қызметшіні лауазымға тағайындауға және лауазымынан босатуға құқығы бар адам.

Ротациялау заңдылықтары сайланатын мемлекеттік қызметшілерге қолданылмайды. Ротация мынадай схемалардың біреуі бойынша жүргізіледі:

- 1) деңгейаралық («орталық – өңір», «өңір – орталық»);
- 2) өңіраралық («өңір – өңір»);
- 3) сектораралық («орталық – орталық»);
- 4) ішкі өңірлік (өңірдің ішінде).

Мемлекеттік қызметші соңғы атқаратын лауазымына тағайындалған күнінен бастап 4 жылдан кейін ротациялануға жатады. Ол ротациядан жазбаша бас тартқан жағдайда лауазымда болу мерзімі екі жылға ұзартылуы мүмкін не сол мемлекеттік органда бос тауазым болып, келісімі болған жағдайда лауазымынан төмендетіледі немесе атқаратын лауазымынан босатылады.

Лауазымынан төмендету конкурс өткізілімстен жүзеге асырылады. Мемлекеттік қызметші кез келген бос тұрған төменгі лауазымға бара алады. Бірақ оған үстемәксі немесе жұмыстан босатылу жәрдемақысы төленбейді. Бұдан әрі атқаратын лауазымында болу мерзімін мемлекеттік қызмет істері жөніндегі уәкілетті органның шешімімен тағы екі жылға ұзартуға жол беріледі. Осылайша мемлекеттік қызметші бір лауазымды сегіз жылдан артық атқара алмайды.

Персоналды басқару қызметі немесе персоналды басқарудың бірыңғай кадр қызметі ротация мерзімі басталғанға дейін екі айдан кешіктірмей уәкілетті адамның қарауына ротациялануға жататын қызметшілердің тізімін енгізеді. Уәкілетті адам мемлекеттік қызметшінің алдағы ротация туралы күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей жазбаша хабардар етеді.

Ротациялау немесе лауазымда болу мерзімін ұзарту жайлы сұраныс жолдауда уәкілетті адам мемлекеттік қызмет істері жөніндегі уәкілетті органға (орталық аппарат) мына құжаттарды ұсынады:

- 1) Ротациялау немесе лауазымда болу мерзімін ұзарту себептері көрсетілген ұсыныс;
- 2) Бекітілген біліктілік талаптары (ротациялау кезінде қолданыстағы);
- 3) Қызметшіге жолданылған хабарлама, оның жауабы, персоналды басқару қызметі немесе персоналды басқарудың бірыңғай кадр қызметінің қызметтік хаты мен уәкілетті адамның шешімі.

Ротациялануға жататын мемлекеттік қызметшілер туралы шешім 2025 жылдың 31 қаңтарына дейін қабылданып болуы тиіс.

Мирамкүл БИБІТОВА,
Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің облыс бойынша департамент басшысының орынбасары – Тәртіптік кеңес хатшылығының меңгерушісі

Еңбек адамы



Ауыл мейіргері Самұрат

Ұлт саулығы, сондай-ақ еліміздегі ауыл медицинасына қатысты мәселелер назардан тыс қалған емес. Бұл сала жыл сайын жылдам әрі жан-жақты дамып келе жатыр. Алайда шыны керек, үлкен қалаларда медициналық жоғары білім алған жастардың дені ауылға қайтқысы жоқ. Сол қалада екі қолға бір күрек тауып, ауылға қайтпағанды жөн көреді.

Иә, ауылдағы медицинаның ахуалы ұзақ уақыт бойы көңіл көншітпегені рас. Бас ауырып, балтыр сыздаса, тез арада ем қабылдай алатын мүмкіндік те болмаған еді. Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев халыққа Жолдауында ауыл медицинасының ахуалын жақсартуды тапсырған болатын. Бүгінде сол жұмыстар көзге-көзеңімен атқарылып, оның жемісін қазір ауыл халқы көріп отыр десек те болады.

Осы ретте ауыл медицинасының бүгінгі ахуалы жайлы аудандық ауруханаға қарасты Мырзабай ахун ауылы дәрігерлік емханасының медагасы Самұрат Тұңғышбаевпен әңгімелескен едік.

Кейіпкеріміз медицинадағы еңбек жолын өзінің туған жері Мырзабай ахун ауылында мейіргерлікпен бастаған. Жас болса да ол еңбек жолында ауыл халқына ем беріп, «COVID-19» пандемиясы кезінде балалардың «қызыл аймағында» бала дәрігері ретінде көзкешіліктер атқарды. Қазір ауыл

тұрғындарының ыстық ықыласына бөленіп, елді мекендегі медициналық мекемеде 13 жылдық тәжірибесі бар мықты маман атанған.

– Менің бала кезімдегі арманым медицина саласының маманы болу еді. Сол арман-мақсатым бүгінде абыройлы, жауапты қызметті атқаруыма сеп болғандай. Бұл салада еңбек еткеніме еш өкінбеймін. Әжем «Өзгеге жақсылық жасасаң, өзіңе қайтып келеді» деп айтып отыратын. Өзі де көз келген адамға көмекке келуге әзір жан еді, сонысымен маған үлгі бола білді. Бала кезімде ауыл тұрғындары ауырып қалса, уайымдайтынмын. Соның бәрі өсер еткен болар, «дәрігердің оқуына түсемін, ауыл адамдарын емдеймін» деп шештім, – дейді Самұрат Болатұлы.

Ол Түркістан қаласында медициналық оқу орнында білім алып, фельдшерлік дипломы қолына тиген сәттен бастап жұмысқа кіріскен. Қазіргі кейбір жастар секілді үлкен қалада жұмыс істеу ойына да келмейті. Дипломды алып,

дереу туған ауылына жол тартқан.

Өзінің айтуынша, қалалық жерде медициналық маман жеткілікті, ал ауылдық елді мекендерде дәрігерлер тапшы. Сондықтан туған жерге тер төгуді жөн көрген. Міне, елінің патриоты Самұрат сөйлейша туған жерінде адал еңбек етіп, сый-құрметке ие болуда.

Ауылға келгеннен кейін жас маманға мемлекеттің өсебінен жан-жақты қолдау көрсетілген. Яғни ол біржолғы әлеуметтік төлем ретінде қаржылай қолдау алып, тұрғын үй-тұрмыстық мәселелерін де шешіп алған.

– «COVID-19» вирусына байланысты пандемия басталып кетті. Бұл сырқатпен ауыл азаматтары да ауырғанда, белгісіз сырқатпен күресу жағынан өте көп тәжірибе алдым. Ойланбастан, «қызыл аймақта» жұмыс істедім. Жұмыс қиын болды, себебі бастапқы кезде ауру туралы ешкім ештеңе білмеді. Жұмыс жағдайы да ауыр болды. Біз тәулік бойы қорғаныс костюмдерін киіп, бетперде мен арнайы көзілдірік тағып

жұмыс істедік. Дегенмен қиындыққа қарамастан науқастарды қабылдап, емдедік, өте ауыр жағдайда түсетін. Өзіміз «Гиппократ анттымды», адамдық та, дәрігерлік те парызымды өтедім деп санаймын, – дейді медага.

Айта кетейік, Президент бастама-сымен қолға алынған «Ауылдық денсаулық сақтауды жаңғырту» Ұлттық жобасы арқылы өткен жылы ауылда жаңа амбулаториялық емхана салынды. Жаңа емхана барлық заманауи медициналық құрал-жабдықтармен жабдықталған. Ауылдағы жаңа емханада 7 медициналық маман қызмет етеді. Бір сөзбен айтқанда, халықты емдеуге барлық жағдай жасалған. Кейіпкеріміз бүгінде жаңа ғимаратта күніне 7-8 ауыл тұрғынын қабылдап, ем-дом жасайды.

Самұрат Болатұлы ауыл халқының денсаулығын жақсарту жағында кедергі келтіретін тағы бір жайтты айтып өтті. Яғни ауыл тұрғындары алдын ала тексеруден өтуге ықылассыз екен.

– Ауыл тұрғындарын жоспар бойынша алдын ала тексеру жиі орындалмай қалып жатады. Сондықтан ауылдықтарға айтарым, мұндай мүмкіндікті жіберіп алмай, өз денсаулықтарыңызға ерте кезден қамқорлық танытыңыздар, – деп әңгіме соңында ауыл халқына үндеу жасады.

Жандос ЖАЗКЕН

Жұлдыз жорамалы: 2025 жылғы сізгі не күтін туыр?

2025 жыл – жаңа мүмкіндіктер мен сынақтарға толы ерекше жыл. Себебі астрологиялық тұрғыдан көптеген планета өзгерістер әкеледі. Әсіресе маңызды шешімдер қабылдауға және жаңа жобаларды бастауға қолайлы уақыт. Бұл жыл көпшілік үшін өзгерістер кезеңі, ал кейбіреулер үшін өмірлерін түбегейлі жаңғырту мүмкіндігі болмақ. Әрбір жұлдыз белгісі үшін 2025 жылы қандай өзгерістер күтіп тұрғанын талдап көрейік.



1. Тоқты (21 наурыз – 19 сәуір)
2025 жыл Тоқтылар үшін көпбасшылықты арттыруға мүмкіндік береді. Сізді мансапта жаңа мүмкіндіктер мен табыстар күтіп тұр. Бірақ асығыс шешімдерден сақтаныңыз. Жеке өмірде үйлесім мен түсіністікке мән беріңіз.

2. Торпақ (20 сәуір – 20 мамыр)
Бұл жыл Торпақтарға қаржылық тұрақтылық пен отбасылық қолдау әкеледі. Жаңа жоспарлар құруға және оларды жүзеге асыруға өте қолайлы уақыт. Денсаулықты күтіп, шамадан тыс шаршаудан аулақ болыңыз.

3. Егіздер (21 мамыр – 20 маусым)
2025 жыл Егіздер үшін шығармашылық идеяларға толы болады. Жаңа таныстар мен серіктестік байланыстар қаржылық табыс әкелуі мүмкін. Сөзінше бақылауда ұстауға тырысыңыз.

4. Шаян (21 маусым – 22 шілде)
Шаяндар үшін бұл жыл – отбасылық құндылықтар мен жақын адамдарға көбірек көңіл бөлу кезеңі. Мансапта тұрақты есім күтіледі, бірақ өзіңізді шамадан тыс жүктемеуге тырысыңыз.

5. Арыстан (23 шілде – 22 тамыз)
Арыстандар үшін 2025 жыл мансаптық және жеке өмірде маңызды өзгерістер әкеледі. Табысты келісім-шарттар мен жобалар сізді күтіп тұр. Бірақ эмоционалды тепе-теңдікті сақтаңыз.

6. Бикеш (23 тамыз – 22 қыркүйек)
Бикештер үшін бұл жыл жаңа білім алу мен өзін-өзі дамытуға өте қолайлы. Денсаулықты жақсартуға, салуатты өмір салтын қалыптастыруға күш салыңыз. Жақындарыңызға көбірек уақыт арнаңыз.

7. Таразы (23 қыркүйек – 22 қазан)
Таразылар үшін 2025 жыл қарым-қатынастарды нығайтуға және жаңа мүмкіндіктерді пайдалануға қолайлы. Мансап пен жеке өмірде тепе-теңдікті сақтап, табысты болуға ұмтылыңыз.

8. Сарышаян (23 қазан – 21 қараша)
Сарышаяндар үшін 2025 жыл ішкі өзгерістерге толы болады. Өз қабілетіңізді дамытып, мансаптық өсімге қол жеткізесіз. Жеке өмірде өз сезіміңізге сенім артыңыз.

9. Мөрген (22 қараша – 21 желтоқсан)
Мөргендер саяхаттар мен жаңа таныстар сәттілік әкеледі. Қаржылық мәселелерде абай болыңыз, тексерілмеген жобалардан аулақ болыңыз. Жақын адамдарға көбірек көңіл бөліңіз.

10. Тауешкі (22 желтоқсан – 19 қаңтар)
Бұл жыл Тауешкілер үшін еңбекқорлық пен табандылықтың жемісін көру кезеңі болады. Жоспарларыңыз жүзеге асады, бірақ денсаулықты назардан тыс қалдырмаңыз.

11. Суқұйғыш (20 қаңтар – 18 ақпан)
Суқұйғыштар үшін 2025 жыл жаңа идеялар мен шығармашылық жетістіктерге толы. Достарыңызбен және жақындарыңызбен қарым-қатынасты нығайту маңызды. Денсаулығыңызды бақылауда ұстаңыз.

12. Балықтар (19 ақпан – 20 наурыз)
Балықтар үшін бұл жыл – рухани даму мен шабыт кезеңі. Сөзінше бақылау пен интуицияңыз жаңа жетістіктерге жетелейді. Мансапта батыл қадамдар жасаңыз, бірақ асықпаңыз. Жұлдыз-жорамалдар жалпы болжамдар береді. Сондықтан жеке өміріңіздегі нақты жағдайлар әртүрлі болуы мүмкін. Өз жүрек қалауыңызға сеніп, маңызды шешімдерді саналы түрде қабылдаңыз.

Дайындаған Е.СОЗАҚБАЕВ

Газетіміздің келесі саны 2025 жылдың 7 қаңтарында сейсенбі күні шығады.

Маман мерейі

Жанар Топаева ауыл балаларына 25 жылдан бері қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен сабақ беруде. Бүгінде оның оқушылары аудандық, облыстық олимпиадаларда жоғары нәтижеге қол жеткізіп, үздіктер қатарынан көрініп жүр. Кейіпкеріміз – Еңбек ауылындағы Мардан Байділдаев атындағы №232 орта мектептің ұлағатты ұстазы. Ұстазына қарап бой түзген шәкірттер бүгінде аталған алтын уяда кейіпкерімізбен қатар қызмет етуде.

Білікті педагог жақында «Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы» атты Абайдың қара сөздерін жатқа айту бойынша қазақ тілі мен әдебиет пәні мұғалімдері арасында аудандық сайысқа қатысқан. Ол аталған сайыста 15 қара сөзді жатқа айтып, II орынға тұрақтапты.

Айтуынша, Жанар Мұратқызы қиындығы мен қызығы қатар жүретін мамандық иесі болуды бала күнінен армандаған. Ес білгелі ақын, жазушылардың шығармаларын оқып, мән-мағына жатқа оқығанды жаны сүйген. «Әр оқушының шамшырағын жағу – басты міндетім» дейтін ол 25 жыл бойы түлектерді ұлттық бірыңғай тестілеуге дайындап, бүгінде 3-інші буынға сынып жетекші қызметін атқаруда. Ол сұхбат барысында түлектердің басым көпшілігі қазақ әдебиеті пәнін таңдай бермейтінін айтты.

– Алдыңғы жылдары олимпиададағы бір оқушыны апаратын болып дайындадым. Оқушы өте түйық. Олимпиадаға алғаш рет қатысқалы тұр. Оқушыларды үндемейді екен деп назардан тыс қалдыруға болмайды. Баланы ішкі жандуына қарап, таңдай білу керек. Көз келген балада қандайда бір талант бар. Ал оны шыңдап, әрі қарай ұштау – ұстаздың жұмысы. Айтайын дегенім, жаңағы оқушы олимпиадаға алғаш рет қатысса да, тыңғылықты дайындықты арқасында I орын алды. Содан бері оның олимпиада, жарыстарға қатысуға қызығушылығы артты. Сөзіме дәлел ретінде айта кетейін, ол биыл тағы да

Білікті педагог



білім бәйгесінен жеңіспен оралды, – дейді ұстаз.

Дана халқымыз «Ұстазы бейлі болса, шәкірті зейінді болады» демекші, зейінді ұрпақ тәрбиелеу жолында ерөн еңбек етіп жүрген білікті маманнан тәлім алған шәкірттер бүгінде іргелі оқу орны мен денсаулық сақтау саласында қажырлы еңбек етіп, шағын кәсібінің көкжиегін кеңейткен кәсіпкерге айналған.

Ол ұлт болашағын тәрбиелеу жолында жасаған қажырлы еңбегі үшін Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің арнайы төсбелгісін кеудесіне тағып, бірнеше мәрте аудандық білім бөлімі мен қасіпақ комитетінің, облыстық білім басқармасының «Құрмет» грамотасын иеленген.

Иә, жас ұрпаққа білім, тәрбие беру оңай жұмыс емес. Әйтсе де біз

қалам тербеп отырған кейіпкеріміз – әр шәкірттің бойындағы ерекшелігі мен қабілетіне қарай олардың көңілінен жол таба білген жан. Ол алдағы уақытта да жан-жақты қалыптасқан тұлға тәрбиелеп, жарқын болашаққа қарымды қадам жасай бермек. «Мамандыққа – адалдық» деген осы шығар, сіре.

А.ЕРЖАНҚЫЗЫ

Меншік иесі:
СЫР МЕДИА
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор
Марат АРАЛБАЕВ
Жалағаш аудандық
“Жалағаш жаршысы” газетінің редакциясы
Бас редактор
Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Телефондар:
Бас директор - 8(7242) 70-00-56
Бас редактор - 32-0-41
Бас редактордың орынбасары,
жауапты хатшы,
бөлімдер - 31-5-75

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрілігінің Ақпарат қорында 16 сәуір 2019 жылы қайта тіркеліп, №17662-Г куәлігі берілген.
“Жалағаш жаршысы” аудандық газеті КР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) “Сапа менеджменті жүйелері” талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.
Газет әр аптаның сейсенбі, сенбі күндері шығады.
Қолжазбалар оңделеді және кері қайтарылмайды.
Жеке авторлардың пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сәнімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.
Тел.: 8(7242) 40-06-68.
Газеттің таралымы бойынша 31-5-75 нөмісес 8 (7242) 70-14-08 телефон нөміріне хабарлауға болады.

Таралымы 2850 Тапсырыс №2046